

CHANEL

**Дайындаған: Кенжебай
Лаура**

КЯИЛ 19-11,1курс №2СӨЖ

**КОКО ШАНЕЛЬ- «CHANEL» СӘН ҮЙІНІҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН АТАҚТЫ ФРАНЦУЗ
ДИЗАЙНЕРІ, XX ҒАСЫРДЫҢ СӘН САЛАСЫНА КӨПТЕГЕН ЖАҒАЛЫҚТАР
ЕНГІЗГЕН СӘНГЕР.**





Коко Шанель 1883 жылы 19 тамызда Сомюр қаласында дүниеге келген. Габриель он екі жасқа толғанда, оның анасы қайтыс болады, содан кейін Шанель балалары туысқандарында тұрады. 18 жаста Габриель киім дүкеніне сатушы болып жұмысқа орналасады, бос уақытында кабареде ән айтады. Габриельді Коко деп атаудың себебі - оның сүйікті әндері «Ко Ко Ри Ко» және «Qui qua vi Coso» деп аталатын. Осылайша, Габриель өнер көрсеткенде, ол офицер Этьен Бальзанға (Etienne Balsan) ұнап қалады. Содан кейін, ол офицер Этьен Бальзанмен Парижге көшіп кетеді. 1910 жылы Парижде ол өзінің бірінші дүкенін ашады, бұл дүкенде әйлдерге арналған бас киімдер сатылатын. Қазіргі кезде бұл сән үйі Париж қаласында Комбон көшесінде орналасқан.

ЕНГІЗГЕН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ:

Иіссу CHANEL №5

Қара көйлек

Әйедер сөмкесі

ИССУ «CHANEL № 5»

1921 жылы «Chanel № 5» иісуы жарыққа шықты. Бұл әйелдерге арналған иісу. Шанельдің алғаш рет синтезделген иісуды шығаруы XX ғасыр адамдары үшін үлкен жаңалық болды. Бұл иісудың хош иісі бір де гүлдің иісіне сәйкес келмеді.



ҚАРА КӨЙЛЕК

Коко Шанель кішкентай қара көйлекті үлкен жаңалыққа айналдырды. Әйелдер аксессуарларына байланысты бұл кішкентай қара көйлекті кешке де, күндіз де кие бастады. 1926 жылы американдық Vogue журналы кішкентай қара көйлекті, оның тиімділігіне және танымалдығына байланысты, оны "Ford" автомобиліне теңеді.



ӘЙЕЛДЕР СӨМКЕСІ

1954 жылы Коко Шанель:
"Мен радикулярды қолда
ұстаудан шаршадым,
сонымен қатар мен оларды
жиі жоғалтамын" - деп
айтты. Ал 1955 жылдың
ақпанында, ол халықтың
назарына өзінің
жаңалығын - әйелдерге
арналған сөмкені паш етті.
Бұл сөмке тіктөртбұрышты
болды және алқа түрінде
жасалған баудан тұрды.



АНТРАКТ

1939 жылы Коко Шанель өзінің барлық дүкендерін және сән үйін жауып тастады. Бұл II дүниежүзілік соғысқа байланысты болды. Сол жылы ол Парижден көшіп кетіп, 14 жыл Швейцарияда және Францияның оңтүстігінде өмір сүрді. II дүниежүзілік соғыс кезінде ол кейбір немістермен жақсы қарым-қатынаста болады, сондықтан оны неміс әскерінің шпионы деп, түрмеге отырғызады. Коко Шанель өзінің досы Уинстон Черчилльден көмек сұрайды, Черчилль көмектесу үшін үкіметтен оны босатуды сұрайды, бірақ оған үкіметтің қойған талабы бойынша, Коко Шанельдің Францияны босатуы қажет деп айтқан. Коко Франциядан кетуге мәжбүр болады.



СӘН ӘЛЕМІНЕ ҚАЙТА ОРАЛУ

1954 жылы 71 жасқа толған Коко Шанель сән әлеміне қайта оралады. Сол кездері оның жаңа сөмкелері, зергерлік бұйымдары, аяқ киім топтамалары шығарыла бастайды. Ал оның ойлап тапқан «Шанель» костюмі жаңа заманның бейнесіне, рәмізіне айналды деп айтуға болады: жартылай жүн матадан жасалған тар юбка, тоқыма баумен, алтын түймелермен безендірілген жағасыз жакет.

1950-1960 жылдары Коко Голливуд студияларымен жұмыс істей бастайды, ол Одри Хепберн және Лив.мюзиклде Шанель рөлінде ойнайды.

1971 жылдың 10 қаңтарында 87 жасында атақты, әйгілі Габриель немесе Коко Шанель Риц отелінде қайтыс болады. Коко Шанель Швейцариядағы Лозанна қаласында жерленген. Оның құлпытасының үстінде бес арыстан бейнеленген.

1983 жылы «CHANEL» сән үйінің басқарушысы және негізгі дизайнері Карл Лагерфельд болды



Назарларыңызға

рахмет

COCO

CHANEL



